



БҰЙРЫҚ

7d «2024 жыл 10 ақпан»

ПРИКАЗ

Астана қаласы

город Астана

«Генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыларды орналастыру жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 10 ақпандағы №48 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыларды орналастыру жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 10 ақпандағы № 48 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыларды орналастыру жоспары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты тиісті энергетикалық кәсіпорындардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізсін;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



А. Сәтқалиев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2024 жылғы «10» ақпан
№ 72 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2021 жылғы «10» ақпандағы
№ 48 бұйрығымен
бекітілген

Генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыларды орналастыру жоспары

№	Орналасқан орны	Орнатылған қуат, МВт	Генерациялайтын қондырғының түрі	Жылу энергиясын беру	Жобаны іске асырудың ықтимал мерзімдері
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес					
1.	Астана қаласы	150-250	бу-газ қондырғысы	талап етіледі	2025-2029 жылдар
2.	Қызылорда облысы	150-250	бу-газ қондырғысы	талап етіледі	2022-2025 жылдар
3.	Түркістан облысы	900-1000	бу-газ қондырғысы	талап етілмейді	2022-2025 жылдар
4.	Қызылорда облысы	450-500	бу-газ қондырғысы	талап етілмейді	2025-2029 жылдар
5.	Шымкент қаласы	450-500	бу-газ қондырғысы	талап етіледі	2025-2029 жылдар

Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес					
1.	Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Оңтүстік және Солтүстік аймақтарында	450-500	бу-газ қондырғысы, газ-турбиналық қондырғы, гидроэлектр станциясы	-	2022-2025 жылдар
Қағидалардың 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес					
1.	Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Оңтүстік және Солтүстік аймақтарында	450	бу-газ қондырғысы	талап етілмейді	2024-2028 жылдар
2.	Атырау облысы	250	бу-газ қондырғысы	талап етілмейді	2024-2028 жылдар
3.	Маңғыстау облысы	250	бу-газ қондырғысы	талап етілмейді	2026-2030 жылдар
4.	Ақтөбе облысы	250	бу-газ қондырғысы	талап етілмейді	2026-2030 жылдар